

Қостанай қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 93 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 6807 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 11-бабы 1-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес Қостанай қаласының бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері бекітілсін.

2. Қостанай облыстық мәслихатының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 208 "Қостанай қаласының шекаралары мен жер учаскелері үшін төлемдерінің базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3502 тіркелген, 2005 жылғы 9 тамызда "Қостанайские новости" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихаты
сессиясының төрайымы

Г. Капенова

Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б. Мурзин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Н. Абдуов

2016 жылғы 8 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Н. Қатарбеков

2016 жылғы 8 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік
және индустриалдық-инновациялық даму
басқармасы" мемлекеттік мекемесі

басшысының міндетін атқарушы

_____ М. Шаимов


2016 жылғы 8 желтоқсан

Мәслихаттың

2016 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 93 шешіміне 1-қосымша

Қостанай қаласының бағалау аймақтарының шекаралары



Мәслихаттың
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 93 шешіміне 2-қосымша

Қостанай қаласының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Бағалау аймағының нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	2,00
2	1,85
3	1,70
4	1,60
5	1,45
6	1,30
7	1,15
8	1,00
9	0,80

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК